



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТІРЛІГІ

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

3-деңгейдегі СМЖ құжаты

2015 жылғы «\_\_»  
\_\_\_\_\_ № 1 редакция

МН 029.04.12-02.1.20.02-2015

**6M051800 – «Жобаларды басқару»**

**МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

**МН 029.04.12-02.1.20.02-2015**

**Алматы 2015**

**Алғы сөз**

1 Экономика және бизнес институтының «Жобаларды басқару» кафедрасында  
**ДАЙЫНДАЛҒАН**

Жобаларды басқару кафедрасының \_\_\_\_\_ Г.Мұханова  
меңгерушісі  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

**2 КЕЛІСІЛГЕН**

Оқу-әдістемелік жұмыс және \_\_\_\_\_ С.Жүсіпбеков  
халықаралық байланыс жөніндегі  
проректор  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Академиялық мәселелер департаментінің \_\_\_\_\_ А.Сапаров  
директоры  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Экономика және бизнес институтының \_\_\_\_\_ С.Әбдіғаппарова  
директоры  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Ішкі аудит департаментінің директоры \_\_\_\_\_ Б.Каленова  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

СМЖ үйлестіру бөлімінің бастығы \_\_\_\_\_ А.Сауранбаева  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Оқу әдістемелік бөлімінің бастығы \_\_\_\_\_ М.Сәндібеков  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Заң және құжаттамалық қамтамасыз ету \_\_\_\_\_ Б.Туткина  
бөлімінің бастығы  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының \_\_\_\_\_ Б.Мұнара  
бастығы  
« \_\_\_\_\_ » 2015ж.

3 Университеттің ҒӨК мәжілісінде **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

**МАЗМҰНЫ**

1	Экономика және бизнес институты туралы жалпы ақпарат	3
2	6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы туралы жалпы ақпарат	6
3	6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығының мақсаттары мен міндеттері	8
4	Білім беру технологиялары	8
5	Зерттеу тәжірибесі	9
6	Магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысы	10
7	Педагогикалық тәжірибе	11
8	Магистранттың бітіру жұмысына қойылатын талаптар	11
9	6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша мамандарды даярлау нәтижелері	12
10	Мамандықтың ПОӘК	13
11	6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз етілу	16
	А қосымшасы	17
	Өзгерістерді тіркеу парағы	21

Өзірлеген:

Қол

Келісілді:

Қол

Бекітілді:

Қол

## 1 Экономика және бизнес институты туралы жалпы ақпарат

Экономика және бизнес институтының тарихы шамамен 50 жылды қамтиды. Оның құрлуына мынадан оқиғалар себеп болды.

Өткен ғасырдың 60 – шы жылдары қарқынды дамып отырған Қазақстан экономикасына инженерлі экономикалық бағыттағы жоғары білікті мамандар қажет бола бастады. Осыған байланысты 1964 жылы тау-кен және металлургия факультеттерінде алғаш рет тау кен өнеркәсібінің инженер экономисі және металлургия өнеркәсібінің инженер–экономисі мамандықтарына студенттер қабылданды. Барлығы 50 адам қабылданды.

1966 жылы ректор Г.М. Есіркегеновтің атсалысуымен ҚазПТИ негізінде республикамыздың халық шаруашылығына қажетті инженер– экономистерді дайындау мақсатында Инженерлік – экономикалық факультет (ИЭФ) құрылды.

1972 жылдан бастап ИЭФ, құрылыс пен өнеркәсіптік өндіріс саласының ұйымдастырушыларын дайындайтын факультет болып қайта құрылды. Аталған факультет өзінің қызмет етуі кезінде бүкіл КСРО - бойынша 4500-ден астам құрылыс пен өнеркәсіп саласының басшылары мен мамандарын дайындады.

Қазақстан егемендігін алғаннан кейін, факультетте нарыққа өту тенденциялары көріне бастады. Құрылыс пен өнеркәсіптік өндіріс саласының ұйымдастырушыларын дайындайтын факультет негізінде 1991 жылы «Менеджмент және бизнес» факультеті құрылып, 1993 жылы ол «Экономика және басқару» факультеті болып аты өзгертілді.

Университеттегі қайта құрулар нәтижесінде 2000 жылы факультет «Инженерлік – экономикалық» институт болып қайта құрылды.

ҚР үшін «Тұрақты даму» тұжырымдамасын принциптерін енгізу маңыздылығын ескере отырып, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ 2002 жылы 8 желтоқсанда «Инженерлік–экономикалық» институты негізінде «Экологиялық – экономикалық» институт құрды. Бұл институт 2006 жылы қайта құрулар нәтижесінде екі институтқа бөлінді. Сол институттың біреуі – «Экономика және бизнес» институты болды.

Бүгінгі күні «Экономика және бизнес» институты - Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жетекші оқу және ғылыми бөлімшесі.

Институттың міндеті – экономика саласында заманауи білімі және практикалық дағдылары бар, күрделі басқарушылық мәселелерді шеше алатын, нарықтық экономика заңдылықтарын және қазіргі заманғы технологиялар мен компьютерлік техниканы игерген, Қазақстанның жаңа буынды басшылары бола алатын мамандарды даярлау болып табылады.

Экономикалық бағыттағы мамандарды даярлаудың маңыздылығы – ҚР үдемелі индустриалды–инновациялық даму тұсында, әлеуметтік экономикалық дамудың нақты жағдайында өндірісті ұйымдастырудың формалары мен оларды қолдану әдістерінің өзара байланысын қамтамасыз етудің қажеттілігімен түсіндіріледі. Осы жағдайда экономика саласындағы білімдерді кәсіби игеру және олардың ұдайы өндірістегі және үлестіру сапасындағы ролін түсіну, экономикалық бағыттағы мамандарды дайындаудың негізгі шарты болып табылады.

Институттың құрамында 5 кафедра бар: «Өнеркәсіп экономикасы», «Өнеркәсіптегі менеджмент және маркетинг», «Логистика және бағалау»,

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 6 - беті
------------------------------	--	--------------------

«Қаржы», «Жобаларды басқару». Сонымен бірге, «Бизнес мектебі» және «Экономикалық зерттеулер орталығы» жұмыс істейді.

Институттың құрылымдық бөлімшелерінде 96 оқытушы қызмет етеді, соның ішінде – ҚР Ұлттық ғылым академиясының 2 академигі, салалық ғылымдардың 5 академигі, 16 ғылым докторы мен профессорлар, 50 ғылым кандидаты мен доценттер, 4 PhD докторы. Қосымша жұмыс істеу шарты бойынша үздік ғалымдар мен тәжірибелі мамандар қызмет атқарады.

Институт ғалымдары экономиканың әр түрлі салаларында ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізеді; заңнамалық, нормативтік – техникалық және әдістемелік актілер мен құжаттарды дайындауға қатысады және экономика, басқару, маркетинг, қаржыландыру, индустриаландыру мен инновациялық даму сияқты мәселелер бойынша түрлі мемлекеттік органдарға, үлкен өнеркәсіптік кәсіпорындарға және бизнес – құрылымдарға ғылыми кеңес береді.

Институтта оқыту үш деңгейлі жүйе бойынша жүргізіледі: бакалавриат-магистратура–докторантура (PhD). Бакалавриат бағдарламаларына дайындау келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

- 5B050600 – Экономика
- 5B050700 – Менеджмент
- 5B050800 – Есеп және аудит
- 5B050900 – Қаржы
- 5B051100 - Маркетинг
- 5B090800 – Бағалау
- 5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару
- 5B090900 – Логистика

Жоғарыда аталған экономикалық мамандықтар бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алған тұлғалар, басқару жүйесінің орталық буынды басшыларына қажет білікті жұмыс үшін қажетті білімдер мен тәжірибелік дағдыларды иемденеді.

«Экономика және бизнес» институтында Америка білім беру консорциумы мен Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ арасындағы Бас келісім – шарт негізінде мамандар даярланады. Оқуды аяқтаған соң бітірушілер «Экономика» (мұнай және газ саласы) және «Менеджмент» (мұнай және газ саласы) бойынша мемлекеттік үлгідегі Қазақстан Республикасының және Солтүстік Вирджиния Америка Университетінің дипломдарын алады.

Институтта – 6M050600 – Экономика, 6M050700 – Менеджмент, 6M050900 – Қаржы, 6M051100 – Маркетинг, 6M090800 – Бағалау, 6M051800- Жобаларды басқару, 6M090900 – Логистика (салалар бойынша), 6M051700 – Инновациялық менеджмент, 6M052000 – Іскерлік әкімдендіру.

«Экономика» мамандығының докторантурасы (PhD) бойынша Кипрдегі Америка университетімен бірлескен халықаралық бағдарламасы жұмыс істейді.

Магистратура мамандықтарын бітірген тұлғалар мекемелердің жоғары буынды басшылық қызметінде немесе жоғары оқу орындарында жұмыс істеу құқығына ие болады. Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Экономика және бизнес» институтында жоғарғы халықаралық деңгейдегі білім алуға барлық жағдай жасалынған. Институт кафедраларының материалдық – техникалық базасы жақсы дамыған және оқу пәндерінің каталогында бакалавриаттың 8 мамандығы және магистратураның 9 мамандығы бойынша міндетті және таңдау пәндері қамтылған.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы « _____ » _____ № 1 редакция	21 беттің 7 - беті
------------------------------	--	--------------------

Каталогта көрсетілген пәндердің сипаттамасы студентке экономикалық бағыт бойынша өз траекториясын таңдауға мүмкіндік береді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ «Жобаларды басқару» кафедрасы мен ҚР жобалық менеджерлер Одағының ат салысуымен ашылған ерекше 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистр мамандары даярланды.

«Жобаларды басқару» кафедрасы 2014 жылы «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару» кафедрасының негізінде ашылды. «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару» кафедрасы 1994 жылы ҚазҰТЗУ тау– кен факультетінде т.ғ.д., профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі А.Ф. Цеховойдың ат салысуымен құрылған.

Қазақстанда алғаш рет 2008 жылдан бастап «Технологиялық үдерістерді компьютерлендіру және жобаларды басқару» кафедрасының оқытушылары «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистр мамандарын оқыта бастады.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ 2010 жылы оқу мерзімі 1,5 және 2 жылдық «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистрлер дайындау үшін 03.02.2010 ж. № 0137395 АБ лицензиясын алды.

Магистратураның мақсаты – мемлекеттік және жеке меншік сектордағы жобаларды тиімді басқара алатын элиталық басқару кадрларын дайындау.

Магистр дипломы білім берудің еуропалық стандарты мен шетелдік жұмыс берушілердің талаптарына сай келеді және бітірушілерге жобаларды басқару бойынша батыс мектептерінде оқуын жалғастыруына мүмкіндік береді.

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 1,5 жылдық магистратураны бітірген тұлғаға экономика және бизнес магистр академиялық атағы берілсе, 2 жылдық магистратураны бітірген тұлғаға экономика ғылымдарының магистр атағы беріледі (жоғары оқу орындарында жұмыс істеу құқығына ие болады).

Кафедрада 2010 жылы РҚ ҒБМ Бұйрығының негізінде 6D051800- «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылды. Кафедра оқытушылары магистратура және докторантура бойынша білім берудің мемлекеттік стандартын (ҚР ББМС 7.10.034 - 2009), типтік оқу жоспарларын, жұмыс оқу бағдарламаларын, силлабустарды әзірледі.

Кафедраның барлық оқытушылары жобаларды басқару бойынша негізгі курстан өтті және жобалық менеджментке қатысты әр түрлі семинарлар мен симпозиумдарға қатысып, мақалалар жариялады. Жүргізіліп отырған ғылыми– зерттеу жұмыстардың негізгі бағыттары – кәсіпорындардағы өндірісті жобалау, жоспарлау және басқарудың автоматтандырылған ақпараттық технологиясын әзірлеу; интеграцияланған мәліметтер базасының, эксперттік жүйелердің және мониторинг жүргізудің ақпараттық технологиясын дайындау және "Нақты жағдайлардағы жобалар арқылы ұйымның дамуын басқарудың инновациялық технологиясын дайындау және оны тәжірибелік тексеру бойынша теориялық және қолданбалы зерттеулер кешені" бағдарламасын құру.

Қазіргі кезде кафедрада «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша 30 магистрант және 13 докторант оқиды.

**2 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы туралы жалпы ақпарат**  
6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша мамандарды даярлайтын кафедра - «Жобаларды басқару» кафедрасы болып табылады.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 8 - беті
------------------------------	--	--------------------

Кафедрада 4 ғылым докторы, оның ішінде 2 техника ғылымдарының докторы, 1 экономика ғылымдарының докторы және 1 геология– минералогия ғылымдарының докторы; 6 доцент, оның ішінде 3 техника ғылымдарының кандидаты, 2 экономика ғылымдарының кандидаты және 1 философия ғылымдарының кандидаты бар. Кафедраның 01.09.2015ж. ғылыми дәрежелік деңгейі 84% құрайды.

#### **Мамандықтың сипаттамасы**

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының (ғылыми - педагогикалық) магистрлері мен экономика және бизнес (бейіндік) магистрлерін даярлау, 2013 жылы бекітілген мамандықтың типтік оқу жоспарларына сай жүргізіледі (16.08.2013 ж. №343 бұйрық).

«Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистратурада оқыту екі бағыт бойынша жүргізіледі:

- бейіндік;
- ғылыми – педагогикалық.

Магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген және магистрлік диссертацияны қорғаған тұлғаларға төмендегі дәрежелер беріледі:

- бейіндік бағыт бойынша - 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша экономика және бизнес магистрі академиялық дәрежесі;
- ғылыми – педагогикалық бағыт бойынша - 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесі.

#### **Кәсіптік қызмет объектілері**

Магистратураны бітірушілердің кәсіптік қызмет объектілері мыналар болып табылады:

##### **бейіндік дайындық бойынша:**

- мемлекеттің басқару құрылымдары;
- экономика салалары бойынша құрылымдар (мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар);

- тренингтік және консалтингтік компаниялар;
- ақпараттық – коммуникациялық сектор;

##### **ғылыми – педагогикалық дайындық бойынша:**

- мемлекеттің басқару құрылымдары;
- ғылыми– зерттеу ұйымдары мен білім беру органдарының жобаларды басқару бөлімдері;
- оқу орындарындағы жобаларды басқару департаменті;
- әлеуметтік салалар (білім беру, ғылым, мәдениет);
- консалтингтік қызмет саласы.

#### **Кәсіптік қызмет түрлері:**

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша бітірушілер келесі кәсіптік қызмет түрлерін атқара алады:

##### **бейіндік дайындық бойынша:**

- өндірістік;
- жобалық;
- ғылыми – зерттеушілік;
- педагогикалық;
- білім мен ғылым саласындағы басқарушылық;

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 9 - беті
------------------------------	--	--------------------

- барлық кәсіптік қызмет саласында жобаларды, бағдарламаларды, жобалар портфелін басқару және ұйымдарды, кәсіпорындарды, мекемелерді басқару қызметі;

**ғылыми – педагогикалық дайындық бойынша:**

- ғылыми–зерттеу мекемелерінде жобаларды, бағдарламаларды, жобалар портфелін басқару; жоғары оқу орындарында оқытушы ретінде жұмыс істеу; эксперттік – консалтингтік қызмет; жобаларды басқару аутсорсингы, аудиты, Жобалық офистің аутсорсингы, жобаларды басқару бойынша корпоративтік стандарттарды дайындау.

**Оқу мерзімі**

Ғылыми – педагогикалық дайындық бойынша магистратурада білім беру бағдарламасын игерудің нормативтік мерзімі – 2 жыл; бейіндік дайындық бойынша – 1,5 жыл құрайды.

Магистратура бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі ғылыми – педагогикалық бағыт бойынша 59 кредит, ал бейіндік бағыт бойынша 48 кредитті игеру болуы табылады.

**3 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығының мақсаты мен міндеттері**

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша дайындаудың негізгі мақсаты – өздерінің кәсіби білімдерін, дағдыларын және қабілеттерін мемлекеттік және жеке меншік басқаруда, қоғамдық және ғылыми – зерттеу ұйымдарында іске асыра алатын жобаларды басқару саласындағы интеллектуалды дамыған, жан – жақты білімі бар магистрлерді дайындау болып табылады.

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасының негізгі міндеттері.

**Бейіндік дайындық бойынша:**

- өзін – өзі дамыту мен жетілдіру қабілетін және бүкіл өмір бойы жаңа білімдерді шығармашылық игеру қабілеттілігін қалыптастыру;

- жоғары кәсіптік мәдениеті және азаматтық позициясы бар мамандарды даярлау;

- ғылыми – зерттеу жүргізудің дағдыларын иемдену және докторантурада ғылыми жұмыстарын жалғастыруға қажетті жағдайларды қалыптастыру;

- мемлекеттік және өндірістік саладағы жобаларды басқару дағдыларына ие болу.

**Ғылыми – педагогикалық дайындық бойынша:**

- педагогикалық қызметтегі және ғылымдағы таңдалған бағыты бойынша тереңдетілген теориялық және практикалық дайындық;

- өзін – өзі дамыту мен жетілдіру қабілетін және бүкіл өмір бойы жаңа білімдерді шығармашылық игеру қабілеттілігін қалыптастыру;

- жоғары кәсіптік мәдениеті және азаматтық позициясы бар, қазіргі замаңғы ғылыми және практикалық проблемаларды шеше алатын, жоғарғы оқу орындарында білім бере алатын, зерттеу және басқару қызметтерін сәтті іске асыра алатын мамандарды даярлау;

- ғылыми – зерттеу жүргізудің дағдыларын иемдену және докторантурада ғылыми жұмыстарын жалғастыруға қажетті жағдайларды қалыптастыру;

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------



- жоғарғы оқу орнындағы педагогика және психология саласында білім беру;
- жобаларды басқару мен жобаларды басқару саласындағы стандарттарды қолдануды оқып үйрену.

#### 4 Білім беру технологиялары

##### Лекциялар (Дәрістер)

Лекция – бұл оқу материалын жүйелі түрде беру.

##### Тәжірибелік сабақтар

Тәжірибелік сабақтар – бұл типтік есептерді шешу арқылы теориялық білімдерді пайдалану және бекіту бойынша студенттердің өзіндік жұмысы.

##### Семинар сабақтары

Семинар сабақтары – бұл қоғамдық пәндер бойынша өткізілетін топтық сабақ түрі. Бұл кезде оқытушының жетекшілігімен студенттердің дайындаған баяндамалары талқыланады.

##### Лабораториялық сабақтар

Лабораториялық сабақтар – тәжірибе жасау дағдыларын дамытатын және теориялық білімдерді бекітетін өзіндік практикалық жұмыс түрі.

##### СОӨЖ

Өзіндік жұмыстың бұл түрі оқытушының жетекшілігімен жеке кесте бойынша орындалады. Ол мына төмендегілерді қамтиды:

- студенттерде қиындық тудыратын бөлімлер бойынша жеке кесте топтық кеңес беру;
- барлық өзіндік жұмыс түрлері бойынша кеңес беру, қабылдау, қорғау (рефераттар, үй тапсырмалары, есепті–графикалық тапсырмалар, курстық жобалар, жұмыстар және т.б.);
- бақылау жұмыстарын өткізу;
- коллоквиумдар өткізу;
- аралық бақылау жүргізу.

СОӨЖ бойынша тапсырмалар оқытушымен беріледі. СОӨЖ орындау кезінде оқытушы бақылау жүргізеді және студентке жұмысты дұрыс ұйымдастыру бойынша көмек береді.

##### СӨЖ

Студенттің өзіндік жұмысы бір жағынан оқытушының араласпауы арқылы орындалатын жұмыс болып табылса, екінші жағынан студенттерді өзіндік танымдық жұмысқа араластыру құралы болып табылады. Өзіндік жұмыс тапсырмалары, формасы және көлемі пәннің оқу – әдістемелік кешенінде беріледі.

#### 5 Зерттеу тәжірибесі

Зерттеу тәжірибесі ғылыми – педагогикалық бағыт бойынша дайындау бағдарламасының міндетті бөлімі болып табылады және жобаларды басқару бойынша теориялық, зерттеушілік, әдістемелік және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу тәжірибесі магистранттарға өздерінің теориялық және әдістемелік білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруына мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе магистранттарды ғылыми – зерттеу жүргізуге дайындауға бағытталған, оқу пәнінің ерекше түрін көрсетеді.

Өзірлеген:

Қол

Келісілді:

Қол

Бекітілді:

Қол

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы « _____ » _____ № 1 редакция	21 беттің 11 - беті
------------------------------	--	---------------------

Зерттеу тәжірибесінің нәтижесі бойынша магистранттар кәсіпорындардың өндірістік – экономикалық жағдайы бойынша есеп береді және жобаларды басқару құралдарының пайдалануымен оның проблемаларын шешу бойынша ұсыныстар береді. Магистранттар зерттеу тәжірибесін өткен соң ғылыми мақала жазу немесе аналитикалық шолу жасауы керек және мамандықтың таңдалған пәндері бойынша оқу материалдарын оқып білуі тиіс.

Зерттеу тәжірибесінің әдістемелік нұсқауы ҚР БҒМ жоғарғы кәсіптік білім беру Мемлекеттік стандартының негізінде жасалынған (ҚР ББМС 5.04.034 - 2011).

## 6 Магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысы

Білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті магистранттың ғылыми–зерттеу жұмысынан, ғылыми мақалалардан және магистрлік диссертация орындаудан құралады.

Магистранттың ғылыми–зерттеу/экспериментальды жұмысы төмендегідей болуы тиіс:

- қорғалатын магистрлік жұмыс мамандықтың негізгі мәселелеріне сай болуы;
- ғылыми жаңалығының, практикалық маңыздылығының, өзектілігінің болуы;
- ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделуі және нақты ғылыми, практикалық ұсыныстарды қамтуы;
- ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістемесін қолдануды қамтамасыз етуі;
- жаңа ақпараттық және инновациялық технологияларды қолданумен орындалуы;
- қорғауға шығарылатын негізгі мәселелер бойынша экспериментальды – зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдерінің болуы.

Ғылыми – зерттеу/экспериментальды жұмыстың нәтижелері әр академиялық мерзімнің соңында есеп түрінде дайындалады.

Магистрлік диссертация ғылыми – қолданбалы зерттеудің нәтижесі болып табылады және автордың жеке еңбегін көрсетеді.

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығының ерекшелігіне байланысты, магистрлік диссертацияның тақырыптары мына төмендегі бағыттардың біреуіне сай болуы керек:

- жеке меншік шағын бизнесті дамытудағы жобаларды басқару;
- нақты жобаларға қатысу;
- ұйымдарды дамытудағы жобалық менеджмент;
- кафедраны дамыту және ғылыми зерттеулер.

Магистрлік диссертация тақырыптарының тізімі А қосымшада келтірілген. Тақырыптар жыл сайын жаңартылады және толықтырылып отырады.

Магистрлік диссертация, өзінің авторында төмендегідей қабілеттіліктер мен білімдердің болуын айқындауы тиіс:

- жобаларды басқару саласындағы маңызды тақырыптарға білікті зерттеу жүргізе білу;
- бегілі бір зерттеу тақырыбы шеңберінде теория мен тәжірибенің арасында байланыс таба білу;
- әр түрлі ақпарат көздерінен (баспа және электронды) ақпаратты іздей және өңдей білу;

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 12 - беті
------------------------------	--	---------------------

- мәліметтерге статистикалық өңдеу жүргізу және алынған нәтижелерді талдай білу;
  - басқа авторлардың жұмысына сілтеме жасау ережелерін сақтай отырып, материалды сауатты түрде көрсете білу;
  - ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы бар зерттеу нәтижелері бойынша дәлелденген нәтижелер шығара білу;
  - жұмысты суреттер мен кестелер көмегімен сауатты көрсете білу.
- Жобаларды басқару бойынша магистр білікті жобалау менеджері болуы керек. Осыған байланысты, магистрлік диссертацияны орындау жобаларды басқару бойынша білім саласында компетенцияларды қалыптастыруы тиіс.

## 7 Педагогикалық тәжірибе

Педагогикалық тәжірибе бекітілген тәжірибе бағдарламасы мен оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі және тәжірибе нәтижесі бойынша есеп дайындау мен оны қорғаумен аяқталады.

Тәжірибе, қажетті кадрлық және ғылыми – техникалық әлеумі бар, университет кафедраларында өткізіуі мүмкін.

Тәжірибе көлемі мемлекеттік білім беру стандартымен анықталады.

**Педагогикалық тәжірибенің негізгі мақсаты** – педагогикалық еңбек дағдыларын қалыптастыру, пәндер бойынша педагогикалық технологияларды және экспериментальды жұмыс негіздерін игеру болып табылады.

**Магистранттардың педагогикалық тәжірибесінің негізгі міндеттері:**

- магистрлік бағдарлама пәндерін оқу кезінде алған білімдерді, дағдыларды бекіту;
- әр түрлі сабақ формаларын өткізу мен оларға дайындалу әдістемесін үйрету;
- оқу пәндеріне талдау жүргізудің әдістемесін игеру;
- заманауи білім берудің ақпараттық технологиялары жөнінде түсінік қалыптастыру;
- магистрлардың педагогикалық қызметін белсендендіру, өзін өзі дамыту мен жетілдіру дағдыларын қалыптастыру.

## 8 Магистранттың бітіру жұмысына қойылатын талаптар

«Жобаларды басқару» мамандығы өзіндік ерекшелігі бар мамандық болып табылады және он білім аумағын қамтиды: интеграцияны басқару, мазмұнды басқару, мерзімдерді басқару, құнды басқару, сапаны басқару, адам ресурстарын басқару, коммуникацияларды басқару, тәуекелдерді басқару, сатып алуды басқару және мүдделі жақтарды басқару. Бұл аумақтардың көпшілігі компьютерлік технология саласындағы кәсіби білімдердің бар болуын қажет етеді.

Жобаларды басқару саласында магистрлік диссертацияны орындау болашақ маманның моделіне сай келеді. Осының нәтижесінде, мамандарды даярлаудың «құзырлы» бағыты қамтамасыз етіледі. Бұл бағыт, оқу орнын бітірген соң жобаларды басқару бойынша магистр маманға қандай жұмыстарды білуі тиіс сияқты талаптарды анықтайды.

«Жобаларды басқару» кафедрасында дайындалған диссертациялық жұмыстардың тақырыптары, кафедрамен өзара үздіксіз байланыста болатын

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

Халықаралық жобалық менеджмент институты PMI (АҚШ, Пенсильвания штаты) және ҚР жобалық менеджерлер Одағының қатысуымен нақтыланып және толықтырылып отырады.

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау кезінде, магистрант жобаларды басқару бойынша білімдер жинағының (PMBOOK) негізгі жағдайларын тәжірибе жүзінде қолдануы тиіс. Бұл мақсатқа жету үшін, біз диссертацияны орындау және көркемдеу кезінде жобаларды басқару амалдарын қолдануды ұсынып отырмыз. Әр диссертациялық жұмыс өзінше жоба ретінде қарастырылады, яғни оларда міндетті түрде жобаларды басқару бойынша бес процеске тобы болуы керек: инициация, жоспарлау, орындау, мониторинг және басқару, аяқтау. Сонымен бірге, арнайы халықаралық стандарттармен реттелетін, негізгі құжаттар да қолданылуы мүмкін. Магистрант, жобаларды басқару бойынша барлық білімдер кешенін білуі тиіс және оларды диссертациялық жұмысты орындау, көркемдеу және қорғау кезінде қолдануы керек.

### **9 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша мамандарды даярлау нәтижелері**

6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистрдің негізгі құзырына қойылатын талаптар:

#### **Бейіндік дайындық бойынша:**

әлемдік тәжірибедегі жобаларды басқару бойынша кездесетін стандарттар, жобалардың жіктелінуі, білім аумақтары мен процестер топтары туралы; жобаларды басқаруда қолданылатын құралдар мен әдістер туралы; теңестірілген басқару технологиясы туралы **көзқарасы болуы керек;**

жобалар мен жүйелерді басқарудың теориялық және практикалық негіздерін; теңестірілген көрсеткіштерді құру негіздерін; жобаларды басқаруға қажетті арнайы қолданбалы бағдарламаларды **білуі тиіс;**

жобаны құруды, жоспарлауды, орындауды, бақылауды, мониторинг жүргізуді және жобаны аяқтауды; жобаның құжаттарын жүргізуді **жүзеге асыра білуі тиіс;**

жұмыстардың иерархиялық құрылымын және декомпозициясын жасау, жобалардың күрделі жүйесіне талдау жүргізу; жобаның бюджетін, кестесін, торлы графигін құру және тәуекелділікті анықтау мен жоспарлау; жобаларды басқару бойынша жаңа ақпараттық технологиялар саласында өзін-өзі жетілдіру бойынша **дағдылары болуы тиіс;**

жобаларды және жобаларды басқарудың негізгі кезеңдерін жоспарлауда; жобалардың интеграциясын, ресурстарын, командасын, коммуникацияларын, мерзімін, құнын, мазмұны мен сапасын басқаруды ұйымдастыруда **құзырлы болуы тиіс;**

#### **Ғылыми – педагогикалық дайындық бойынша:**

техника мен технологияның заманауи жағдайы мен даму тенденциялары, пәндік және байланысқан аумақтардағы ғылыми және педагогикалық қызметтің негіздері, жобаларды басқарудың заманауи тәжірибесі туралы **көзқарасы болуы керек;**

ақпараттық технологиялар аумағындағы заманауи жетістіктерді, пәндік аумақтағы ғылыми – зерттеудің әдістемесін, жобаларды басқарудың негізгі түрлері

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 14 - беті
------------------------------	--	---------------------

мен жіктелуін; жобаларды, бағдарламаларды, портфельдерді, тәуекелділіктерді, өзгерістерді, коммуникацияларды, басқару әдістерін; кәсіби маңызды ақпараттарды көрсету және өңдеу әдістерін, педагогикалық қызмет формалары мен әдістерін **білуі тиіс;**

инновациялық міндеттерді құрастыруды және оларды жүзеге асыруда жобаларды басқару әдістерін қолдануды, жобаларды басқару жүйесінің сапасын бағалауды, бизнес – процестердің тиімділігін талдауды, жобаларды басқару міндеттерін орындауда бағдарламалық өнімдерді қолдануды, ғылыми зерттеу нәтижелерін тәжірибелік қолданысқа дейін жеткізуді, жобаларды басқарудың корпоративтік тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар қалыптастыруды **жүзеге асыра білуі тиіс;**

жобалық басқарудың және жобалар портфелін қалыптастыру, бизнес процестерді терең талдау, ғылыми - педагогикалық қызмет, өзіндік ғылыми - зерттеу жұмысы, пәндік аумақтағы сараптама мен консалтинг бойынша **дағдылары болуы тиіс;**

жобаларды жоспарлау мен жобалаудың негізгі кезеңдеріндегі күрделі кәсіби міндеттерді шешуде; жоба бойынша жұмыстарды, ресурстарды, команданы, коммуникацияны басқаруды ұйымдастыруда, ғылыми және педагогикалық қызмет саласы сияқты әр-түрлі аумақтардағы инновациялық жобаларды құрастыру және енгізу әдістемелерінде **құзырлы болуы тиіс;**

## 10 Мамандықтың ПОӘК

Пәндердің оқу әдістемелік кешендері (ПОӘК) оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. ПОӘК жарияланған нұсқаларын ҚазҰТЗУ ғылыми кітапханасынан алуға болады, ал электрондық нұсқалары ҚазҰТЗУ сайтында орналастырылған (электронды адрес [www.kaznitu.kz](http://www.kaznitu.kz))

№	Пәннің аталуы	Кредит саны	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Автордың Ф.А.Ж.
<b>1- курс. Семестр: Күзгі</b>					
1	Ғылымның тарихы мен философиясы	2	+		Секция оқытушылары
2	Шет тілі	2	+		
3	Педагогика	2	+		
4	Психология	2	+		
5	Зерттеу және инновациялық қызметті ұйымдастыру және жоспарлау	3	+		Карлинская М.А.
6	Жобаларды басқару негіздері	3	+		Адилова А.М.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 15 - беті
------------------------------	--	---------------------

7	Жобаның мүдделі жақтарын басқару	3	+		Климова Т.Г.
8	Жобаның мүдделі жақтарының әсерін бағалау әдістері	3	+		Климова Т.Г.
9	Магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысы	1	+		Кафедра оқытушылары
<b>1- курс. Семестр: Көктемгі</b>					
10	Жобаларды басқарудағы ақпараттық технологиялар	3	+		Карлинская М.А.
11	Жобаларды басқарудағы IT	3	+		Карлинская М.А.
12	Жобаларды басқарудағы эксперттік бағалау әдістері	3	+		Султанбекова Ж.Ж.
13	Әлеуметтік жобаларды басқару	3	+		Степанов А.В.
14	Жобаларды басқарудың теориясы мен тәжірибесі	2	+		Климова Т.Г.
15	Тәуекелділіктерді басқару	3	+		Карлинская М.А.
16	Тәуекелділік менеджмент	3	+		Нуртазина С.М.
17	Компанияның технологиялық жетілуін бағалау	3	+		Карлинская М.А.
18	Инновациялық менеджмент	3	+		Касен К.Р.
19	Жобалар мен бағдарламалар портфелін басқару	3	+		Цеховой А.Ф.
20	Магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысы	1	+		Кафедра оқытушылары
21	Зерттеу тәжірибесі	3	+		Кафедра оқытушылары, жетекшілер
<b>2- курс. Семестр: Күзгі</b>					
22	Жобалардағы сатып алуды басқару	3	+		Муханова Г.С.
23	Жобалар мен бағдарламалар портфелін басқару	3	+		Цеховой А.Ф.
24	Инновациялық жобаларды басқару	3	+		Лисенков А.А.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 16 - беті
------------------------------	--	---------------------

25	Жобаның коммуникацияларын басқару	3	+		Климова Т.Г.
26	Жобаларды басқарудағы коммуникациялар	3	+		Тымбаева Ж.М.
27	Жобалық талдау және қаржыландыру	3	+		Тымбаева Ж.М.
28	Басқару мәселелеріндегі математикалық әдістер	3	+		Султанбекова Ж.Ж.
29	Теңестірілген көрсеткіштер жүйесі негізінде теңестірілген басқару технологиясы	3	+		Карлинская М.А.
30	Жобаларды басқарудағы бағдарламалық технологиялар	3	+		Карлинская М.А.
31	Жобаның интеграциясы мен мазмұнын басқару	3	+		Адилова А.М.
<b>2-курс. Семестр: Көктемгі</b>					
32	Магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысы	1	+		Кафедра оқытушылары
33	Педагогикалық тәжірибе	3	+		Кафедра оқытушылары, жетекшілер
34	Магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысы	4	+		Кафедра оқытушылары
35	Кешенді емтихан	1	+		Кафедра оқытушылары
36	Магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау	3	+		Кафедра оқытушылары

### 11 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша оқу - әдістемелік қамтамасыз етілу

1. А. Ф.Цеховой, М.А. Винницкая, М.А. Карлинская Теория и практика управления проектами, оқу құралы – Алматы, ҚР БҒМ, 2013.167б.

2. А. Ф.Цеховой, М.А. Карлинская Организация научно-исследовательской и инновационной деятельности, оқу құралы – Алматы: ҚазҰТУ, 2013. 139б.

3. А.Ф.Цеховой, С.Б.Абдығаппарова, Г.С.Муханова, Қ.Р.Қасенов, М.А.Карлинская, Ж.Ж. Султанбекова, А.М.Адилова 6M051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистрдің бітіру квалификациялық жұмысын жазу, дайындау және қорғау бойынша әдістемелік нұсқаулар – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2015. 37б.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 17 - беті
------------------------------	--	---------------------

4. А.Ф. Цеховой, С.Б. Абдығаппарова, Қ.Р. Қасенов, Г.С. Муханова, А.М. Адилова 6М051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистранттардың зерттеу тәжірибесін өтуі бойынша әдістемелік нұсқаулар – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2015. 18б.

5. А.Ф. Цеховой, Г.С. Муханова, К.Р. Касенов, А.М. Адилова 6М051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша магистранттардың педагогикалық тәжірибесін өтуі бойынша әдістемелік нұсқаулар – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2015. 23б.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------



## А ҚОСЫМШАСЫ

**Магистрлік диссертация тақырыптарының тізімі**

Магистрлік диссертация тақырыптары ҚР жобалық менеджерлер Одағы мен «Жобаларды басқару» кафедрасының Қазақстандағы басқарудың заманауи тәжірибесін теңестірілген басқару технологиясы мен жобалық менеджмент әдістемесі негізінде дамыту бойынша келесі бағыттарда жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижелері болып табылады.

**Жобалық басқару аумағындағы стандарттарды зерттеу және қолдану категориясы**

1 Мұнай кен орындарын игеру жобасын дайындауда PMBOK стандарттарын қолдану

2 PMBOK стандарттарының негізінде құрылыс компаниясындағы жобаларды басқару ерекшеліктері

3 Жобаларды басқару офисы: CL компаниясының мысалында жобаларды басқарудың корпоративтік стандартын дайындау

4 PMBOK стандарттарын қолдану арқылы «Голева» ЖК бизнесін кеңейту

5 Интернет сайта жасаудағы жобаларды басқару стандарттарын қолдану

6 ҚР жобаларды басқарудың ұлттық стандартын дайындаудың концептуалды негіздері мен принциптері

7 Қалалық компьютерлік желі жасау жобасында PMBOK әдістерін қолдану

8 Жобалық менеджерлерге арналған сайт жасауда PMI стандарттарын қолдану

9 Жобалық менеджерлерді PMBOK стандарты бойынша сертификациялаудың жүйесін дайындау

10 PMBOK стандарттарының негізінде ақпараттық – коммуникациялық технологиялар жобаларын басқарудың ұлттық стандартының концепциясын дайындау

11 Геофизикалық кәсіпорындағы ақпараттық жүйелерді басқаруда ANSI PMBOK стандарттарын қолдану

12 Құрылысты жобалаудағы салалық стандарттар мен PMI стандарттарының өзара байланысын зерттеу

13 Геотехнология объектілерін жобалауда PMBOK стандарттарының негізінде жоспарлаудың негізгі құжаттарын әзірлеу әдістемесін дайындау

14 PMBOK стандарттарының негізінде мәдени жобалар тобын басқару жүйесін дайындау

15 ISO 21500:2012 халықаралық стандарты, жобалар мен бағдарламаларды іске асырудағы коррупциялық көріністерді азайту құралы ретінде

16 PMI басқару стандарттарын қолдану арқылы кен байыту кәсіпорындарының қайта құру жобаларын дайындау

17 PMBOK стандарттарын қолдану арқылы компанияны жетілдіру технологиясы

**Жобалық басқаруды қолдануды ескере отырып, кәсіпорынның қызмет ету тиімділігін зерттеу категориясы**

1 ҚР жобалық менеджерлер Одағының жүйелік шешімдерін қолдану арқылы, құрылыс материалдарын сатумен айналысатын компанияларды дамыту

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 19 - беті
------------------------------	--	---------------------

- 2 Жобаларды басқару негізінде өнеркәсіптік электр құрал– жабдықтарын өткізу тиімділігін жоғарылату
- 4 Ашық тау кен жұмыстары үшін қажет бағдарламаларды дайындауда жобаларды басқару әдістемесін қолдану
- 5 Жобалар арқылы консалтингтік компанияның дамуын басқарудағы басшы коммуникацияларының тиімділігін арттыру
- 6 Жобалар арқылы операциялық қызметті басқарудағы персоналды басқару жүйесін қалыптастыру бойынша зерттеулер
- 7 Жобалар арқылы ҚР жобалық менеджерлер Одағын дамытуды басқаруды ұйымдастыру
- 8 Жобалық менеджмент стандарттары негізінде ҚР Парламенті Мәжілісінің заң шығарушылық қызметін басқару
- 9 Жобалық портфельді қалыптастыру мақсатымен Х компаниясының өндірістік және жобалық процестерінің құрылымын зерттеу
- 10 Жобалар арқылы консалтингтік компанияның операциялық қызметін басқару технологиясын дайындау
- 11 Жобаларды басқару, елдің инновациялық даму құралы ретінде
- 12 Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін анықтау әдістерін зерттеу
- 13 Инвестициялық жобаларды басқару
- 14 ҚР арнайы экономикалық аймақтардың дамуын басқаруды жобалау
- 15 ҚР банк саласындағы жобалық басқарудың қазіргі жағдайы және перспективалары
- 16 «КазАвтоЭК ҰК АҚ» мысалында автокөлік өнеркәсібі кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру жобаларын басқару стратегиялары
- 17 ҚР туристік қызметтерді дамыту жобалары
- 18 ҚР кәсіпкерлікті дамытуды қолдау бойынша жобалар
- 19 Карьердің техникалық жобасын дайындау үдерісін нысандандыру

**Жобаларды басқару жүйелерінің интеграциялық процестерін зерттеу категориясы (дайындау, енгізу және т.б.)**

- 1 PMBOK стандарттары негізінде «Интерин» ЖШС кәсіпорынында жобаларды басқару жүйесін енгізу
- 2 MM кәсіпорынында Lotus Notes жүйесін (PMBOK стандарттары негізінде) қолдану арқылы электронды құжат айналымын енгізу
- 3 Жобаларды басқару стандарттары негізінде NN компаниясында Smartex бағдарламалық кешенін енгізу
- 4 Құнды қағаздар нарығында басқару жүйелерін дамыту
- 5 Ашық кен орындарын болжау және табу технологиясы
- 6 Компанияда электронды құжат айналымын енгізу
- 7 Жер қойнауын пайдалану сферасындағы жобаларды орындау үшін басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі
- 8 Мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды басқару жүйесіндегі жобалық офис моделін дайындау
- 9 Ғылыми жобаларды коммерциаландыру үшін қолданылатын әдістемелік нұсқаулар мен шаблондар жүйесі
- 10 Жер қойнауын пайдалану саласындағы тәуекелділіктерді басқарудың эксперттік жүйесін дайындау
- 11 Тәуекелділіктерді басқарудың интерактивті жүйесін дайындау

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 20 - беті
------------------------------	--	---------------------

12 Басқарушылық шешімдерді қолдаудың ақпараттық жүйесі

13 PMI стандарттарының негізінде ғарыш аппараттары үшін жұлдыз анықтағыштардың эксперименттік үлгісін және бағдарламалық– математикалық қамтуды дайындау

14 Геологиялық–экономикалық бағалау бойынша жобаларды басқарудағы және кен орындарын модельдеудегі ақпараттық технологияларды қолдану

**Жобаларды жүзеге асыру тиімділігін арттыру мақсатындағы жобалық басқару құралдарын зерттеу категориясы**

1 Алматы қаласы метрополитені «Тұлпар» бекетінің құрылысы бойынша жұмыстардың құрамын декомпозициялау

2 ЖШС корда жобалық ұйымдағы адам ресурстарын тиімді басқару тұжырымдамасы

3 Қазақстанның тау – кен металлургиялық секторындағы жобалық басқаруды дамыту бойынша коммуникацияларды ұйымдастыру

4 Жоба командасын басқару стратегиясын дайындау: теория және практикалық тәжірибе

5 Ұйымның операциялық қызметіндегі жобалық басқару құралдары мен әдістерінің қолданылу тиімділігін зерттеу («Қазақстанның ядролық университеті» ЖШС-да мысалында)

6 Жобалық командадағы шиеленістерді басқару

7 Жоба командасын басқару: құралдар және мотивация

8 Ғылыми – техникалық грант орындауда жобалық басқару құралдарын қолдану мүмкіндіктерін талдау

9 Құрылыс компаниясы мысалында жобалық басқару құралдары мен әдістерін енгізудің тиімді жолдарын зерттеу

10 Эконом-класс тұрғын үйлерін тұрғызу бойынша құрылыс компанияларының қызметіне жобалық басқару әдістері мен құралдарын енгізу

11 Ірі компаниялар офистерінің орнын ауыстыру жобаларын басқаруға арналған құралдар мен әдістерді дайындау және зерттеу: теория және практикалық тәжірибе

12 Коммуникацияларды басқарудың инновациялық жүйесін қолдану негізінде ҒТАҰО тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін зерттеу

13 Экологиялық жобалар үлгісінде жобаларды басқаруда теңестірілген көрсеткіштер жүйесі (ТКЖ) құралдарын қолдану

14 IT компаниясын жетілдіру жобасы (ТКЖ құралдарының негізінде)

**Жобалық басқару аумағындағы даму және білім сапасын арттыру тәсілдерін зерттеу категориясы**

1 Солтүстік Америка (АҚШ, Канада) ЖОО кәсіби жобалық менеджерлерді дайындау бағдарламаларының тиімділігін талдау және бағалау

2 Жобаларды басқару технологиялары базалық курсына оқытуға арналған қазақстандық электронды оқулықтарды дайындау

3 Тынық Мұхит аймағы елдерінде жобаларды басқару бойынша магистрлік бағдарламаларды талдау негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді интернационализациялау ұсыныстарын дайындау

4 Жоба ретінде магистрлік диссертацияларды басқарудың ұйымдастырушылық сызбаларын зерттеу

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

МН 029.04.12-02.1.20.03-2015	2015 жылғы «_____» _____ № 1 редакция	21 беттің 21 - беті
------------------------------	--	---------------------

5 Білім алушылар мен инновациялық кафедра арасындағы коммуникациялар жүйесін дайындау және зерттеу

6 Дәстүрлі кафедраның инновациялық түрдегі кафедраға айналу технологиясын дайындау

7 Жобаларды басқарудың III Форумын ұйымдастыруға арналған шаблондарды құру

8 Дәстүрлі ЖОО инновациялық түрдегі ЖОО айналу технологиясы

9 РМВОК негізінде кафедраның қамтамасыз етуші процестерін басқару жүйесін дайындау

10 Қазақстандағы жобалық менеджментті ірі көлемде дамытудың тұжырымды тәсілдерін дайындау

**Ескерту:** берілген тақырыптардың тізімі жобаларды басқару бойынша ҚР жобалық менеджерлер Одағының ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде талқылануға және бекітілуге арналған тақырыптардың негізгі жиынын көрсетеді.

Өзірлеген: Қол	Келісілді: Қол	Бекітілді: Қол
-------------------	-------------------	-------------------

**ӨЗГЕРІСТЕР ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

өзгертулердің реттік саны	Құжаттың тарауы мен бөлімі	Өзгертулер түрі (ауыстыру, қосу, жою)	Хабарлау күні мен саны	Өзгерістер енгізілді	
				Күні	Аты-жөні, қызметі, қолы